



Таным

ЖЕТИ САНЫ -КИЕЛІ

Жеті саны - қазақ үшін киелі, мәні зор. Халықтық ұғымдағы көптеген түсініктерді тап осы санмен ақтастыру да - қазақы философия. Ол негізсіз де емес. Сан ғасырлар бойы саналарға сініп, өз дұрыстығын дәлелдеген түсініктер.

ЖЕТИ АТА

«Жеті атасын білмеген - жетесіз» деген халық макалының түп тамыры қан тазалығын сақтауға арналған бабаларымыздың пәлсапалық қағидасы ретінде танылып келеді. Ұланғайыр жерін қорғайтын, болат найзасын мықты ұстап, диттеген жеріне тигізе де, жеткізе алатын, ақ білектің күшіне ие қайраты ер тәрибиелудің алғы шарты - қан тазалығын сақтау. Атаның тектілігін сақтау үшін қандастар бір-бірімен қосылмағанда ғана дені таза, іс-қабілеті жоғары перзент дүниеге келетінін дамыған ғылым дәлелдеді. Генетикалық заңдылықты игерген аталарымыз кімдер еді? Түпкі шежіремізден туысқан түрік, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, қырғыз халықтарының арасында тектілік қасиетті сақтауды басты құндылыққа айналдырған қазақтар екені мәлім. Ежелден жеті атаны түгендеп, әр буындағы туыстық қатынасын өз атауларымен таныған. Сол ұстанымнан алшақтамай күнделікті өмірдегі пайдалануымызға алсақ тың ұғымдарды ашудың қажеттілігі туындамайды. Десек те кейбір қарағандық пікірлер де кездеседі. Мысалға 5-7 буындағы жандарға жат, жекжат атаушылар табылып жүр. Бір рудың кісілері туысқан болмаса да, руласпыз деп жақын тартатыны еш жасырыны жоқ шындық. Аталарымыздың бірлікке ұйытатын туыстық қатынасы атауларын басшылыққа алып, төмендегідей кес-телегенді жөн санаймыз.

Туыстық қатыста: бір әкеден туғандар - бауыр, ағалы-інілі кісілердің баласы-немере, үшінші буын - нементай, төртінші буын - немене, бесінші буын-неметке, алтыншы буын - аталас, жетінші буын-қандас. Одан әрі рулас. Жеті атаға дейін қыз алыспаған таза қанды халықпыз. Өте ұлағатты ұстаным. Қазіргі кезеңде ой терендетіп, оныншы сатыдан әрі үйленсе деген пікіріміз бар. Ол буында қандық сәйкестік жоққа тән. Ал, өзіннен тараған ұрпақ-

ты және қазақы ұғымдар жеті саны-қазақ үшін киелі, мәні зор. Халықтық ұғымдағы көптеген түсініктерді тап осы санмен ақтастыру да - қазақы философия. Ол негізсіз де емес. Жеті буынға дейін жіктесек, әкеден - бала, немере, нементай, шөбере, шөпшек, көзім, ізім. Немересін құлыным деп мейірленсе, одан көрген ұрпағын нементайым деп иіскейді. Жылқыжанды халықпыз. Сәбилерді оның төліне теңеу қанымызға сіңген. Сондықтан, әр әулеттің өз тайы бар. Төртінші буындағы ұрпағын шөбере санау дұрыс. Аталықты түгендеу: Әке, Ата, Арғы Ата, Тек Ата, Түп Ата, Ұлы Ата, Баба. Әкенің әкесін Ата деу жалпы дағдыға енген. Өзімізден бастағанда үшінші буын арғы атан, төртінші буын тегін, бесінші буын түп Атан. Алтыншы буын, яғни, аталастықтың бастауы ұлы Ата деп түзеу. Өткеніміз жөніндегі шежірелік түсінігімізді байытады. Жетінші буын Бабадан тараған ұрпақтар ызғындай ел құрайды.

Ана арқылы туыстық шежіресі. Өзіннен тараған (туған) қыздың баласы-Жиен. Жиен-шар. Жұрағат. Жекжат. Тұражат. Туажат. Қаймана (әріжат) болып жалғасады. Қыздан тараған ұрпақтар да жеті атаны сақтауы ләзім. Жетінші буында қосылатындар - бір-бірінен алшақ, яғни, бөтен санайды. Некелесу қайманадан әрі бастау алғаны қан тазалығын сақтауы.

ЖЕТИ БАЙЛЫҚ

Жаратқан иенің адамзатқа берген жеті байлығы: Жер ана, дария теңіз, нұрлы күн, сәулетті ай, ел қорғаны жігіт, бойжеткен қыз, кен байлығы. Халқымызда «әуелі байлық-денсаулық, екінші байлық ақ жаулық, үшіншісі он саулық...» деп айтар сөз бар. Біз көрсеткеніміз жекелеген адам емес, жалпы адамзаттың байлығы. Оны қорғаштап, қорғау - әлем халқының парызы. Жер ананың қадірін қастерлеу - барлық өмір бастауы. Дария теңіз- тіршілік кепілі. Оның маңызы мен құндылығы жөнінде даналық сөздер жеткілікті. Ұрпақ жалғастырар жас жігіт пен бойжеткен қыз - адамзаттың әуесар бұлағы, тірегі. Табиғат жаратылысындағы байлығымыз - жер қойнауындағы кен. Жаратқан ие берген байлықты сақтау - міндет. Сондықтан, экологиялық мәсе-

ле-ен жанды аса сақтықпен қарайтын тұсымыз. Жауапсыздықпен істелген шарадан қырылған аң мен құс өзендегі балық адамзатқа жасалған қаскөйлік деп есептеу ләзім.

ЖЕТИ ҚАЗЫНА

Ер азаматтың жеті қазынасы: от, су, жүйрік ат, алмас қылыш, өткір пышақ, берен мылтық, құмай тазы. Біз-түздің хал-қымыз. Табиғатпен біте қайнаса игілігін көріп, қиындығын жеңіп, өмір жолымызды жалғай келеміз. Дала өңірінде кездесетін қауіп-қатерге алдырмай азық табар, күрес жолында қаруы мен жолдас болар жануарлар түз жортқан жанның қазынасы саналады. Бір ескертін жай-адам адам-ға қазына емес.

ЖЕТИ ЖЕТІМ

Ханы жоқ ел жетім, ел қонбаса жер жетім, аққу-қазсыз көл жетім, аң жортпаған түз жетім, тыңдалмаған сөз жетім, елінен айырылған ер жетім, анасыз қалған ұл жетім. Халықты біріктіріп бабын тауып, дұрыс бағытқа жөндеп, келелі ісін өрте тартып, жұмылдырып отыратын басшы керек. Онсыз ел жетім. Сұлтандай билік айтып, құландай ұлтан болып еңбек атқарған өкім - халқының панасы, елінің данасы. Басшысын сыйлау - елдің абыройы. Түсінігі таяздарды түсіндіріп, тезге салу-көптің міндеті. Жер елімен көрікті. Елдігімізді сақтап, бірігу - халықтың міндеті. Көлінде жайқалған қамыс-құрағы жағасында орман-тоғайынан айырылса береке бола ма? Түзінде үйірілген аңдар жорытпаған құлазыған құба жон кімге пана? Елі-мен мақтанбаған, ыстығына күйіп, суығына тоңбаған ер кімге тұлға - ол да жетім. Қолдайтын халқ жок жалғыз ер елге керек пе? Жалғыздың шаңы да шықпайды. Жетімдік жөнінде айтылар сөз баршылық. Киілуісиз қалған сауыт, ұсталмаған жарак, иесіз қалған құрал және басқалар. Ең жанға бата - ата-анадан бал-ғын бөбек шағында айырылу. Жас өсер, жетілер, бірақ, көңіл жетімдігі ғұмырына жалғасады.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындары болған, асыл жар, аяулы ана, сүйікті әже **Тыныштық ҚОЖАБЕК-ҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 12 жыл, аяуды келіміз, балаларының анасы **Қымбат БӨЛЕКБАЙ-ҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 6 жыл толып отыр.

Біз үшін аса қадірлі де, қымбатты жандарды сағына еске алып, жандары жәннатта болсын деп рухтарына құран бағыштап, ас береміз.

Сағыныш салмақ салды санамызға,
Ажал ерте жолығып анамызға.
Алтын құрсақ жан еді ардақтымыз,
Жанашыр, қорғанымыз, панамыз да.
Ұрпағының жадында жарқын бейнең,
Анашым, жайлы болсын жатқан жерің.

Арқалатып баршамызға күйікті,
Зор өкініш жаншып жатыр жүректі.
Аяулы жан едің ғой Қымбат десе, қымбатты,
Үш баланың анасы едің сүйікті.

Еске алушылар: **Бөлтекей Шәкіш әулеті.**

Марқұмдарға арнап 3-ші маусым күні Ақсу-Аюлы ауылындағы "Мерей" дәмханасында сағат 13.00-де ас беріледі.

Асқа ағайын - туыс, құда - жекжат, ауылдастарды, анамыздың көзін көрген, дәмдес, сыйлас болған жамағаттарды, балаларының дос-жарандарын шақырамыз.



Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, анасының ардақты ұлы, асыл жар, кимас бауыр, балаларының сүйікті әкесі **АЛТЫНБЕКОВ Рүстем Қайратұлының** өмірден озғанына 40 күн толып отыр.

Арамыздан мәңгіге алыстап, жүректерге сағыныш отын маздатып кете бардың. Сағынамыз. Келіп қалардай алаңдаймыз. Бірақ, амал нешік? Алланың әміріне, тағдырдың жазуына шара барма?! Топырағын торқа, мекенің жұмақ болсын деп, жанына иман тілеумен таң атырып, күн батырып келеміз.

Нұрлы бейнен есте қалар мәңгілік,
Дауысың да құлақта тұр жаңғырып.
Арамызда жоқтығыңды білсек те,
Келетіндей арманмен сан үміт.

Еске алушылар: анасы - **Бақыт, жұбайы - Гүлім**, балалары - **Батыр, Зере, бауырлары, туған туыстары.**

Рүстем Қайратұлының қырық күндік асы 27 мамыр күні сағат 13.00-де Ақсу-Аюлы ауылындағы "Тілек" дәмханасында беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, дос-жарандарды шақырамыз.



ҮЙ САТЫЛАДЫ

Аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында тұрғын үй сатылады. Екі гаражы, моншасы, көкөніс егуге арналған жылыжайы бар және ауласына жеміс-жидек ағаштары егілген. Скважина арқылы ауыз сумен қамтылған. Үй тәуліктік пешпен жылытылады. Сонымен қатар, мал ұстауға қолайлы, қора жайы мен арнайы мал қамайтын орын бар.

Телефон: 8 705 978 78 75.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"LEOPARD INVEST" ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2023 жылғы 22 маусымда сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Көктіңкөлі а/о, Көктіңкөлі ауылы, Көктіңкөлі көшесі, 6 мекен-жайы бойынша, сондай-ақ, Zoom конференциясы арқылы (Идентификатор: 495 190 1525, қолжетімділік коды: JFYQ9L) Қарағанды облысының Шет ауданындағы "Көктіңкөлі" кен орнында молибден кендерін ашық тәсілмен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі - Қарағанды облысы, Шет ауданы, Көктіңкөлі а/о.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы - "LEOPARD INVEST" ЖШС, 8-702-748-6459;

Құжаттаманы өзірлеушілер - "Тимерлан-2011" Тренинг-орталығы ЖШС, too-timerlan-2011@bk.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады: 8-702 7486459, too-timerlan-2011@bk.ru.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстарды қағаз немесе электрондық нысанда "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не жіберуге болады: Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20; expertiza.upr_krg@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «"LEOPARD INVEST" в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 минут 22 июня 2023 года по адресу Карагандинская область, Шетский район, Коктенкольский с/о, с. Коктенколь, ул. Коктенкольская, 6, а так же посредством Zoom конференции (Идентификатор: 495 190 1525, код доступа: JFYQ9L) состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче открытым способом молибденовых руд на месторождении «Коктенколь» в Шетском районе Карагандинской области.

Список административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания - Карагандинская область, Шетский район, Коктенкольский с/о.

Инициатор намечаемой деятельности-ТОО «"LEOPARD INVEST", 8-702-748-6459;

Разработчики документации -ТОО Тренинг-центр «Timerlan-2011», too-timerlan-2011@bk.ru.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам: 8-702 7486459, too-timerlan-2011@bk.ru.

Замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний можно отправить в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области»: г. Караганда, ул. Лободы 20; expertiza.upr_krg@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственное дело после смерти Мукашева Корпеша, умершего 16.09.2022 г.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З.З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 87103327515.

Открыто наследственное дело после смерти Искакова Мейрама Жолдасбековича, умершего 03.08.2022 г.

Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З.З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 87103327515.